

Атырау облысы Білім беру басқармасының «Индер ауданы білім бөлімінің «Махамбет атындағы орта мектебі» КММ бракераждық комиссиясының мектеп асханасының тамақтану сапасын бақылау және жақсарту бойынша мониторинг

## АНЫҚТАМА

Күні: 12.12.2024 жыл

Махамбет атындағы орта мектебінің ас блогына бракераждық комиссияның жүргізген мониторинг қорытындысы: Махамбет атындағы орта мектебінде барлық бала саны 389, оның ішінде ыстық тамақ ішетіндер 1-4 сынып оқушыларының бала саны-157, 5-11 сынып оқушыларының бала саны-20.

«Индер ауданы білім бөлімінің Махамбет атындағы орта мектебі» КММ директорының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №120 бұйрығына сәйкес бракераждық комиссиясы:

Комиссия төрайымы: О.Тналиева-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Комиссия мүшелері: К.Адилбаев-мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;

А.Жанатова-мектеп медбикесі;

А.Осихина-ата-аналар комитетінің төрайымы;

Р.Қойшыбаева-ата-ана;

Комиссия мүшелері асхана жұмысына айна бір рет мониторинг жүргізіп отырады. Мониторинг жүргізу барысында тамақ дайындаудын азық-тұліктердің пайдалану мерзімін, сертификатталуын, тамақ дайындау технологиясын, тоңазытқыштағы өнімдердің температуралық қалпын, оқушыларға тамақты үлестіріп беру нормасын, ыдыс-аяқтардың санитарлық талаптарын бақылайды.

Мектеп медбикесі А.Жанатова асхананың санитарлық –гигиеналық талаптарға сай болуын, құнделікті мектеп оқушыларына берілетін ыстық тағамға органалептикалық бағалау жүргізіп, бақылау тағамының дәмін тексеріп бракераж журналына тіркең отырады Комиссия мүшелері тарапынан мектепке жеткізілген азық – тұліктердің сапасы, тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімі тексерілді. Тез бұзылатын тамақ өнімдері ет, сүт, айран және т.б. тағамдарды мектеп асханасындағы сақтау температурасы төмен тоңазытқышта сақтайды. Тоңазытқыштың іші таза санитарлық-гигиеналық талапқа сай. Мектепте арнайы ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың саны қадағаланып, тіркеу журналына белгіленіп отырады. Асханадағы дайындалатын қунделікті тағам мемлекет тарапынан ыстық тамақпен қамтылған оқушылар санына қарай қунделікті даярланады. Әлеуметтік педагог А.Кадиримбетова 2024-2025 оқу жылына тегін тамақтанатын 1-4 сынып оқушылары мен ҚРУ бекіткен №64 қаулы негізінде тамақтанатын оқушылардың бекітілген уақытпен тамақтануын қунделікті бақылауда ұстауда. Дайындалған тағамдардың салмағы мәзірден ауытқушылық жок және бүтінгі ас мәзір бойынша дайындалған.

Мектеп директоры:

Г.Ш.Ногайбаева

